тұжырымдамалық органдарды толтырады. Жазған тапсырмаларын жұпта талқылайды.



ЕББҚ тапсырмасы. «Сәйкесін тап»
Төмендегі суреттерді қозғалыстың түрлерімен сәйкестендіріңіз

1-тапсырма (слайд)

Төмендегі суреттерді қозғалыстың түрлерімен сәйкестендір




Бірқалыпты қозғалыс					
Бірқалыпсыз қозғалыс					

«Қолдану» бөлігінде оқушылар алған білімдерін тапсырмаларды орындап, қолданады.

Оқушылар кітапта берілген тәжірибені жасайды. Оны топта талқылайды.

Тәжірибе жасау



1. Тәжірибеден не байқадыңыз?
2. Төмендегі сызық бойына тамшылардың екі жағдайдағы суретін салыңыз. Қозғалыстың түрін анықтаңыз.

а. _____ →

Қозғалыстың түрі:

ә. _____ →

Қозғалыстың түрі:

3. Жасалған екі тәжірибені салыстырып, қорытынды жасаңыз.

Қорытынды.

.....

.....

.....

.....

қозғалыстың анықтамасын жазады
-Бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарға мысал келтіреді

Жалпы балл-3

Дескриптор:

-Суреттерде берілген денелердің қозғалысын бақылайды.
-Денелердің қозғалысы қозғалыстың қай түріне жататынын анықтайды.

-Қозғалыстың түрлерімен сәйкестендіреді.

Жалпы балл-3

Дескриптор:

-Тамызғышы бар шыны ыдысты қолдана отырып, тәжірибені жасайды.

-Сызық бойымен тамған тамшыларды бақылайды.

-Тамшылардың суретін салады. Қозғалыстың түрлерін ажыратады

Жалпы балл-3

Тамызғышы бар шыны ыдыс,гір тастары, ұзын жіп, ақ парақ

Сабақтың соңы. Сабақты қорытындылау 5 мин 5мин Рефлексия Бағалау Үй тапсырмасы	ЕББҚ тапсырмасы. «Серпілген сауал» әдісі Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында төмендегі сұрақтарды қойып, қағаз лақтырамын. Қағып алған оқушы сұрақтың жауабын айтып, қайта мұғалімге лақтырады. Түзусызықты қозғалыстың қандай түрлері бар? Бірқалыпты қозғалыс дегеніміз не? Бірқалыпсыз қозғалыс дегеніміз не? Бірқалыпты қозғалысқа қандай мысалдар келтіруге болады? Бірқалыпсыз қозғалысқа қандай мысалдар келтіруге болады? Осы қозғалыстардың қай түрі өмірде сирек кездеседі? Бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарды қандай тәжірибе жасап бақылауға болады? «Тазалық» әдісі арқылы кері байланыс жасаймын. Оқушыларға чемодан, еттартқыш, қоқыс жәшігінің суреттері бар парақша тарқатылады. Оқушылар бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чемоданға салады (жазады), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салады (жазады), ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса еттартқышқа салады (жазады) Тапсырмалардың бағалау критерий бойынша бағаланады. Түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарға эссе жазу.		Дескриптор: -Түзусызықты қозғалыстың түрлерін біледі. -Қозғалыс түрлерінің анықтамаларын айтады. -Қозғалыстың екі түріне мысалдар келтіреді -Бірқалыпты қозғалыстың өмірде сирек кездесетінін біледі. Жалпы балл-4 Жалпы балл-112	Умажда лған қағаз Түрлі-түсті чемоданның, еттартқыштың, қоқыс жәшігінің суреттері бар үлестірмелі материалдар
---	---	--	---	---

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:	
Бөлімі:	
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	12.2.1.4 – қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу

Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар істей алады:</i> Жылдамдық, орташа жылдамдық шамаларының физикалық мағынасын біледі, түсінеді. <i>Көптеген оқушылар істей алады:</i> Жылдамдықты өмірмен байланыстыра алады. <i>Кейбір оқушылар істей алады:</i> Жылдамдықтың бірліктерін ХБЖ-ін меңгере отырып, есептер шығаруда қолдана алады
Бағалау критерийлері	-Жылдамдық туралы ұғымды біледі -Жылдамдықтың өлшем бірліктерін ХБЖ-не келтіре алады. -Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептейді. -Жылдамдық формуласын түрлендіре алады.
Құндылықтарға баулу	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өсу – бұл біздің ең маңызды міндетіміз, өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру арқылы адам өзінің өмірінде түрлі жылдамдықпен іс-әрекет жасайды: жылдам немесе жәй қозғалады, техникаларды түрлі жылдамдықпен әрекетке келтіреді, жылжытады және т.б.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	1. Ұйымдастыру бөлімі Оқушылардың зейінін шоғырландыру, түгелдеу. 2. Атмосфералық орта қалыптастыру «Досыма ақ тілегім» әдісі бойынша бір-бірлеріне жақсы лебіздерін білдіреді. 3. Топқа бөлу "Мозаика" Оқушылар мозаика арқылы үш топқа топтастырылады және бағалау парақшалары беріледі. Мозаикада жылдамдық, орын ауыстыру, уақыт шамаларының таңбалары бір бетіне, екінші бетіне тақырыптың сөздері жазылады. 1-топ Жылдамдық 2-топ Орын ауыстыру 3-топ Уақыт 4.Үй жұмысын "Ия немесе жоқ" әдісі бойынша тексеру	Оқушылар «Досыма ақ тілегім» әдісі бойынша бір-бірлеріне жақсы лебіздерін білдіреді. Әр топқа сұрақтарға тез-тез ия немесе жоқ деп жауап береді	Дескриптор -Механикалық қозғалысты сипаттайтын шамаларды біледі - Қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіреді Жалпы балл-2	Р. БАШАРҰЛЫ 7 сынып физика маркер, А4 парақ, суреттер 1 қосымша
Сабақтың ортасы 20 минут	1. Жаңа сабақ ЕББҚ тапсырмасы. «Болжау» әдісі Интербелсенді тақтадан спидометр, жылдамдық формуласы, арбашалар, метр, машиналар, сағаттың суреттерін шығарамын, артынан 1,5 минутдай жылдамдық тақырыбына байланысты бейнеролик көрсетемін.	Оқушылар интербелсенді тақтадағы суреттерге және бейнероликке қарап, берілген 3 минуттың ішінде 20	Дескриптор - Жылдамдық, орташа жылдамдық шамаларының физикалық мағынасын біледі - Жылдамдық, орташа	Интербелсенді тақта А4 парақ бейнеролик

	Бұл әдіс сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашуға ықпал етеді. Оқушылардың болжамдарын тыңдап, қосымша сұрақтар қою арқылы қолдау көрсетемін. 1. Жылдамдық қандай шама? 2. Жылдамдық формуласы қалай оқылады ? 3. Жылдамдықтың өлшем бірліктерін атаңыз? 4. Арбашалардың жылдамдығын анықтау үшін не керек? 2. Жаңа сабақты бекіту Есеп шығару мысалдары: Алматыдан шыққан автобус Сарыөзекке дейінгі 180 км жолды 2,5 сағ жүреді. Автобустың қозғалысын бір қалыпты деп ұйғарып, оның жылдамдығын Халықаралық бірліктер жүйесінде анықтау керек. Кез келген есепті шығаруда оқушылардың ой әрекеті мен бар ықыласты, ең алдымен, есептің мазмұнын теориялық талдауға бағыттайтын төмендегі жазу формасын ұсынамын. <table><tr><th>Берілгені:</th><th>SI бірлігі бойынша</th><th>Есеп мазмұнын теориялық талдау</th></tr><tr><td>$s=180 \text{ км}$ $t= 2,5 \text{ сағ}$ $v=?$</td><td>$s=18\cdot10^4 \text{ м}$ $t=9\cdot10^3 \text{ с}$</td><td>Автобус бірқалыпты қозғалғандықтан, оның жылдамдығы $v=s/t$ формуласы бойынша табылады. Физикалық шамаларды, әдетте, SI бірлігінде анықтайды. Сондықтан: $s=180 \text{ км}=180\cdot1000 \text{ м}=18\cdot10^4 \text{ м};$ $t= 2,5 \text{ сағ}=2,5\cdot3600 \text{ с}=9\cdot10^3 \text{ с}.$</td></tr></table> $\text{Шешуі: } v=\frac{s}{t}=\frac{18\cdot10^4 \text{ м}}{9\cdot10^3 \text{ с}}=20 \frac{\text{м}}{\text{с}}.$ Жауабы: 20 м/с. ЕББҚ тапсырмасы. «Кім жылдам» әдісі бойынша жаттығулар орындау. Постермен жұмыс Жаттығу 2.1 № 3,4,5 3. Сергіту сәті «Менің көңіл-күйім» жаттығуы Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлерінің суретін салады.	Берілгені:	SI бірлігі бойынша	Есеп мазмұнын теориялық талдау	$s=180 \text{ км}$ $t= 2,5 \text{ сағ}$ $v=?$	$s=18\cdot10^4 \text{ м}$ $t=9\cdot10^3 \text{ с}$	Автобус бірқалыпты қозғалғандықтан, оның жылдамдығы $v=s/t$ формуласы бойынша табылады. Физикалық шамаларды, әдетте, SI бірлігінде анықтайды. Сондықтан: $s=180 \text{ км}=180\cdot1000 \text{ м}=18\cdot10^4 \text{ м};$ $t= 2,5 \text{ сағ}=2,5\cdot3600 \text{ с}=9\cdot10^3 \text{ с}.$	сөзді құрастырып, жазған ақпараттарын топта талқылайды.	жылдамдық формуласымен танысады Жалпы балл-3 Дескриптор -Жылдамдықтың өлшем бірліктерін ХБЖ-не келтіре алады - Жылдамдық, орташа жылдамдық формуласымен танысады. -Жылдамдыққа есептер шығара алады Жалпы балл-4	2-қосымша флипчарт Маркер А4 парағы стикерлер 3-қосымша Маркер А4 парағы стикерлер 3-қосымша
Берілгені:	SI бірлігі бойынша	Есеп мазмұнын теориялық талдау								
$s=180 \text{ км}$ $t= 2,5 \text{ сағ}$ $v=?$	$s=18\cdot10^4 \text{ м}$ $t=9\cdot10^3 \text{ с}$	Автобус бірқалыпты қозғалғандықтан, оның жылдамдығы $v=s/t$ формуласы бойынша табылады. Физикалық шамаларды, әдетте, SI бірлігінде анықтайды. Сондықтан: $s=180 \text{ км}=180\cdot1000 \text{ м}=18\cdot10^4 \text{ м};$ $t= 2,5 \text{ сағ}=2,5\cdot3600 \text{ с}=9\cdot10^3 \text{ с}.$								
Сабақтың соңы. 5мин	4. Жаңа сабақты қорытындылау ЕББҚ тапсырмасы. Элективті тест Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға А, В, С арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20сек. кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүзеге асыру үшін дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.		Дескриптор -Жылдамдықтың өлшем бірліктерін ХБЖ-не келтіре алады - Жылдамдық, орташа жылдамдық формуласымен танысады. -Жылдамдыққа есептер шығара алады 4-қосымша							


Рефлексия 5мин	«Идеялар себеті» әдісі арқылы өткен сабақ бойынша негізгі идеяларды стикерге жазып салады. Тапсырмалардың бағалау критерий бойынша бағаланады.		Жалпы балл-3 ҚБ: «Ағаштар» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.	
Бағалау				
Үй тапсырмасы	Үйге тапсырма Жаттығу 2.1 №8		Жалпы балл-12	

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:	
Бөлімі:	
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	12.2.1.5 – s -тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар істей алады:</i> Орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін қалай белгілеуді түсінеді. <i>Көптеген оқушылар істей алады:</i> Білгенін тапсырмаларды орындауда қолданып, графиктерді түрлендіреді <i>Кейбір оқушылар істей алады:</i> Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері бойынша болашақта ықтимал салдарын сипаттайды.
Бағалау критерийлері	- Бірқалыпты қозғалыстың графигін тұрғызады. - Координата осьтерінде шамалардың өлшем бірліктерін белгілейді.
Құндылықтарға баулу	Адамдар арасындағы ерекшеліктерді бағалап, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басы 10мин.	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын бақылау. ЕББҚ тапсырмасы. Психологиялық ахуал « Жасырын сурет » Ойын оқушының маңдайларына әртүрлі стикерлердегі суреттер (құбылыс, формула, дене, өлшем бірліктер) жапсырылып, соны үш сұрақпен табу. м/с	Оқушылар стикердегі (құбылыс, формула, дене, өлшем бірліктер) суреттер бойынша 3		Суреттер

	 Ойын соңында сурет арасындағы байланысты табу арқылы топтарды қалыптастыру және оларға ат беру. (жылдамдық, уақыт, орын ауыстыру) Үй тапсырмасы. «Поп-корн» стратегиясы. Өзара сұрақтармен алмасады. Болжау Сабақ тақырыбы: «Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері» таныстырылғаннан кейін оқушыларға: <i>Бүгінгі сабақта әңгіме не туралы болады деп ойлайсыздар?</i> <i>Қандай мәселе маңайында өрбиді?</i> <i>Қандай негізгі мәселелер көтеріледі деп ойлайсыздар?»</i> деген сұрақтар қойылады	топқа бөлінеді Оқушылар осы сауал төңірегінде ойланып, өз ойларын ортаға салады.	Дескриптор -Қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептейді.	
Сабақтың ортасы. 15 мин.	Тапсырма№1 Оқулықпен жұмыс: Топтық орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графигі атты «ТАНЫСТЫРЫЛЫМ» дайындау. Бұл (оқушыларға өз білімдерін өзінің пайымдаулары мен сыныптастар арасында талқылау арқылы ойластыруға мүмкіндік береді.) <i>Сіздердің болжауларыңыз тура келді ме, жоқ па? Неліктен деп ойлайсыз?</i> Тапсырма№2 ЕББҚ тапсырмасы. Зерттеушілік тапсырма Компьютерде «Қозғалыстар мен кинематикалық өлшемдердің уақытқа тәуелділігі моделі» көмегімен орынауыстыру мен уақыттың әр түрлі мәндеріндегі, олардың тәуелділіктерінің графиктерін зерделейді. Сергіту сәті: ЕББҚ тапсырмасы. «Кім жылдам» Тақтада физикалық шамалар, өлшем бірліктер өлшем бірліктерді сәйкестендіру, ХБЖ не келтіру	Оқушылар топ бойынша оқулықпен жұмыс жасап, таныстырылым жасайды, қорғайды Оқушы нақтылы іс-әрекетті іс жүзінде орындауға мүмкіндік алады Тақтадағы физикалық шамаларды оқушылар жылдам, ХБЖ-не келтіреді.	Дескриптор - Өз білімдерін пайымдайды, тақырыптың негізгі мақсатын түсінеді - Баяндау барысында қозғалыс теңдеуі, орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік графигі, координаталық остер (ордината, абцисса), өлшем бірліктер туралы түсіндірді. Жалпы балл-3 Дескриптор -Графиктерді тұрғызады -Уақыттың мәндерін өзгертеді Жалпы балл-2	оқулық Флипчарт, Интернет желі  Физика, 12-11 кл. Библиотека наглядных пособий. ink  Физикалық шамалар, Өлшем бірліктер
Сабақтың соңы. 5 мин	Бекіту тапсырмалары. 1 тапсырма Дененің қозғалыс теңдеуін және жылдамдығын анықта	Оқушылар тапсырмада жоғарыда алған теориялық білімдерін практикада	Дескриптор -Графикке қарап, қозғалыс теңдеуін анықтайды -Жылдамдығын анықтайды	

5.мин		яғни есеп шығаруда қолданады.	Жалпы балл-2	
5.мин	ЕББҚ тапсырмасы. 2 тапсырма Графикті пайдаланып қозғалыс теңдеуін жазыңыз		Дескриптор -Графикке қарап, қозғалыс теңдеуін анықтайды Жалпы балл-1	
Рефлексия				
Бағалау				
Үй тапсырмасы	«Көршіңмен бөліс» Тапсырма 3 Дененің бір қалыпты қозғалысының теңдеуі $x=3+6t$. а) кестені толтырыңыз; ә) кестедегі мәндерді пайдаланып, координатаның уақытқа тәуелділік графигін тұрғызыңыз. ЕББҚ тапсырмасы. Тапсырма 4 Екі дененің қозғалысы $x_1=5t$, $x_2=125-2t$ теңдеулерімен берілген. Олардың кездесетін жері мен уақытын аналитикалық және графиктік тәсілмен анықтаңыз. Кері байланыс. Жұмыс істеу ниетін, сабақтағы көңіл күйін, материалды түсінуін, жұмысқа қабілеттілігін нысанада белгілейді. Рефлексия. 20 SMS Оқушылар қағаз телефонға бүгінгі тақырып бойынша 20 сөз жазады. Тапсырмалардың бағалау критерий бойынша бағаланады. Үйге тапсырма: 1. § соңындағы сұрақтарға жауап беру. 2. Тақырып бойынша есеп құрастыру 3. Эссе «Күнделікті өмірдегі қозғалыс»		Дескриптор -Кестені толтырады -Графиктер осьтерінде шамалар мен өлшем бірліктерді белгілейді -Кестедегі мәліметтер бойынша координатаның уақытқа тәуелділік графигін тұрғызады Жалпы балл-3 Дескриптор -Аналитикалық жолмен денелердің кездесу уақытын; кездесу орынын анықтады; -Екі дененің қозғалыс графигін салады; Жалпы балл-4 Жалпы балл-12	

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:		
Бөлімі:	Денелердің өзара әрекеттесуі	
Педагогтің аты-жөні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Масса және денелердің массасын өлшеу.	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.11 – электронды,серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу.
Сабақтың мақсаты	✓
Құндылықтарға баулу	✓ Бірлік және ынтымақ –командамен топтық тапсырмаларды орындап ,басқалармен біолескен жұмыстың нәтижесін қорғай алады; ✓ Жасампаздық және жаңашылдық-қарапайым өлшеулер жүргізу,практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алады; ✓ Зерттеу мен экспериментке бағытталған жобалық тапсырмаларды орындайды;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басы 8 минут	Амандасу. Оқушыларды түгендеу. Сыныпта қолайлы жағдай туғызу. «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап,сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін» «Бірлік және ынтымақ» құндылығы Көзге көрінбес, қолға ілінбес, Өлшемі бар, бірақ өзі білінбес. Таразыға тартсаң, дәл анықтар, Айтшы, бұл не, тапсаң - жарықтар? Жауабы: масса Салмақты өлшеуге арналған құрал қалай аталады? Осы сұрақтың біреуіне дұрыс жауап бергендер жауабы бойынша таптасады. Оқушыларға қорапта не жасырылғанын тауып , жаңа сабақты ашады! Жаңа сабақты ашу және топқа бөлу Үй тапсырмасы - wordwall.net-те тест тапсырмасын орындайды  Жаңа сабақ Сабақ тақырыбын жазыңыздар: «Масса және денелердің массасын өлшеу.» <i>Сабақтың мақсатын айтып өту.</i> Жаңа сабақ 	Оқушылар сәлемдеседі .Жаңа сабақ бойынша сұраққа жауап беріп топтасады . 1 тапсырманы орындау	Дескриптор: Механика бөлімі бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бере алады 1 балл ҚБ: Өте керемет жауап болды жарайсыңдар оқушылар.Зейі ндерің ашылсын !	https://wordwall.net/ru/resource/54063233

30 МИНУТ

Тапсырма сипаттамасы:

Оқушылар әртүрлі денелердің массасын өлшеп, нәтижелерді салыстырып, денелердің массасына әсер ететін факторларды анықтайды.

Материалдар:

- Таразы (электронды немесе қолмен өлшейтін)
- Өртүрлі массалы денелер (мысалы, кітап, доп, су құйылған бөтелке, қарындаш және т.б.)

Қадамдар:

1. Әртүрлі денелерді таңдап алыңыз (кемінде 5 түрлі дене).
2. Әр дененің массасын таразыға салып, өлшеңіз.
3. Өлшеу нәтижелерін арнайы кестеге толтырыңыз.
4. Өлшеу нәтижелері бойынша денелердің массасын салыстырыңыз және массалары арасындағы айырмашылықтарды талдаңыз.

Дене Грамм Килограмм

Қарындаш

Kimman

Теориялық
материалмен
жұмыс

Эсперименттік
тапсырманы
жасап дененің
көлемін табалды.

Дискриптор:

Әр дененің массасын дәл өлшеді, нәтижелерін кестеге дұрыс енгізді, талдап, массасы үлкен және кіші денелерді ажыратты. Денелердің массасына әсер ететін факторларды (мысалы, көлемі мен материалы) анықтады және талдады.

ҚБ: Әр бір тапсырманы дұрыс әрі тез орындаған топқа

Оқулық
,
жұмыс
дәптері

Оқулық
,
жұмыс
дәптері

ЕББҚ тапсырмасы.

Кесте толтырыңыз:

Заттың атауы	Массасы (грамм)	Массасы (килограмм)
Кітап		0.5 кг
Су бөтелкесі	1500 г	
Алма		0.2 кг
Шар	50 г	
Қарындаш		0.01 кг

Жұптық тапсырма

Таза түрлерінің атауын жазып шығыңыз

Қай жерде қолдануына мысал келтіріңіз



Атауы :

Мысалы:



Атауы :

Мысалы:

Дескриптор:	
-------------	--

Граммнен
килограмға
дұрыс
айналдырды.
Айналдыру
нәтижелерін
кестеге дұрыс
енгізді.

Әртүрлі
заттардың
массасын
килограмм
салыстырып
талдады.


1000 г = 1 кг
қатынасын
түсіндірді.

1	Балл
---	------

Дескриптор:

Таразы
түрлерін
ажырата атады;
Таразының
қолдану
аумағына

Стикер

Сабақтың соңы 7 минут Рефлексия Үйге тапсырма	 Атауы : Мысалы: Жеке тапсырма Менің массам тақырыбында шағын Эссе жазу  ЕББҚ тапсырмасы. Суретте электронды таразыда өлшемдері бірдей төрт білеушенің массалары өлшенгені бейнеленген. Тығыздығы ең жоғары білеуше  A. A B. Д C. B Д. тығыздықтары бірдей E. C «Көп.аз»  Тақырыпты оқу, жаттығу есептерін шығару		мысалдар келтіре алады; балл өзін –өзі бағалау.  © www.Cliparts.com
--	--	--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:	
Бөлімі:	
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.12 – әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану
Сабақтың мақсаты	✓ Оқушы дененің өлшемдерін, көлемін анықтау үшін құралжабдықтарды қолдана алады ✓ Оқушы дұрыс пішінді дененің тығыздығын анықтау әдісін дұрыс сипаттайды. ✓ Оқушы дұрыс емес пішінді дененің тығыздығын анықтау әдісін дұрыс сипаттайды

	✓ Анализ және синтезді бойынша берілген тапсырманы өздігінен дұрыстап, бағалай алады. Күрделі есептеулерді еркін орындайды.
Құндылықтарға баулу	✓ Бірлік және ынтымақ –командамен топтық тапсырмаларды орындап ,басқалармен біолескен жұмыстың нәтижесін қорғай алады; ✓ Жасампаздық және жаңашылдық-қарапайым өлшеулер жүргізу,практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алады; ✓ Зерттеу мен экспериментке бағытталған жобалық тапсырмаларды орындайды;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 минут	Амандасу. Оқушыларды түгендеу. Сыныпта қолайлы жағдай туғызу. «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап,сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін» <u>«Бірлік және ынтымақ» құндылығы</u> «Құпия сыйлық» әдісі Менің салмағым ? Менің көлемім ? Осы сұрақтың біреуіне дұрыс жауап бергендер жауабы бойынша таптасады. Оқушыларға қорапта не жасырылғанын тауып , жаңа сабақты ашады! Жаңа сабақты ашу және топқа бөлу  «Текше» тобы, «Тәж» тобы Үй тапсырмасы - wordwall.net-те тест тапсырмасын орындайды 	Оқушылар сәлемдеседі .Жаңа сабақ бойынша сұраққа жауап беріп топтасады . 1 тапсырманы орындау	Дескриптор: Механика бөлімі бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бере алады 1 балл ҚБ: Өте керемет жауап болды жарайсыңдар оқушылар.Зейін дерің ашылсын !	https://wordwall.net/ru/resource/54063233

Сабақтың ортасы 30 минут	Жаңа сабақ Сабақ тақырыбын жазыңыздар: «Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу» <i>Сабақтың мақсатын айтып өту.</i> Жаңа сабақ  https://youtu.be/IZqS1oOJg-w?si=JervuSsaLcjtDQqC ЕББҚ тапсырмасы: «Жұмбақ қазына: дұрыс және дұрыс емес денелерді анықтау» Жағдай: Сіздер бір көне қазынаны таптыңыздар, бірақ қазынаға кіретін құлыптың кілті – дұрыс және дұрыс емес денелердің көлемін дұрыс анықтау қабілетіңіз. Сіздерге әртүрлі денелер берілген, және солардың көлемін өлшеу арқылы құлыпты ашуға мүмкіндік аласыздар. Қазынаға жету үшін төмендегі қадамдарды орындаңыздар! Қадамдар: Денелерді танып, тексеріңіз: Алдарыңызға келесі денелер ұсынылады: ○ Текше ○ Цилиндр ○ Бұрыс пішінді тас ○ Металл шар ○ Тіктөртбұрышты ағаш кесек ○ Көне бұйым Әр денені тексеріп, оның дұрыс немесе дұрыс емес дене екенін анықтаңыз. Оларды кестеге енгізіңіз. Волшебный сандық: Сандықтың ішінде кішкене ыдыста белгісіз сұйықтық бар. Бұл сұйықтықты қолдана отырып, дұрыс емес денелердің көлемін су ығыстыру әдісі арқылы анықтаңыз. Бірақ сақ болыңыздар, сұйықтықтың саны шектеулі, сондықтан әр өлшеу кезінде ұқыпты болыңыз!	Теориялық материалмен жұмыс Эксперименттік тапсырманы жасап дененің көлемін табады. Оқушылар екі топ болып қазына кодын табады. Қазына кодына қол жеткізу үшін тапсырмаларды дұрыс орындап жаңа сабақты меңгеріп дұрыс емес денелердің көлеміне берілген эксперименттік тапсырмағы орындайды.	Дискриптор: Денелердің дұрыс және дұрыс емес екенін анықтайды. Дене түріне байланысты өлшеу әдісін дұрыс таңдайды. Кестеге денелердің түрін және дұрыс/дұрыс еместігін жазады. Дұрыс денелердің көлемін анықтау үшін тиісті формулаларды қолданады. Формулаларды пайдаланып, көлемді дұрыс есептейді. Есептеу нәтижелерін кестеге енгізеді. Дұрыс емес денелердің көлемін өлшеу (су ығыстыру әдісі): Су ығыстыру әдісін дұрыс қолданады. Ығыстырылған су көлемін дәл анықтайды. Өлшеу нәтижелерін кестеге енгізеді. Барлық денелердің көлемін дұрыс есептеп, қосу: Барлық денелердің көлемін дұрыс	Оқулық, жұмыс дәптері Оқулық, жұмыс дәптері
---	---	--	---	---

3. **Ғажайып формулалар:** Дұрыс денелердің көлемін анықтаңыз. Сізге формулаларға сүйене отырып, текшелер мен цилиндрлердің көлемін есептеу керек болады. Бірақ қазынаға жету үшін тек математикалық білімдеріңіз жеткіліксіз. Барлық өлшеулерді дәл жүргізіңіз.
4. **Құпия сан:** Барлық денелердің көлемін анықтағаннан кейін, осы көлемдерді қосыңыз. Нәтиже сіздің "құпия саныңыз" болады. Бұл санды сандықтың құлыптау жүйесіне енгізу керек. Егер дұрыс есептесеңіз, сандық ашылады!

Кесте:

№	Дене түрі	Дұрыс /Дұрыс емес	Өлшеу әдісі	Көлемі (см³)
1	Текше	Дұрыс дене	Формула арқылы	
2	Цилиндр	Дұрыс дене	Формула арқылы	
3	Бұрыс пішінді тас	Дұрыс емес дене	Су ығыстыру әдісі	
4	Тіктөртбұрышты ағаш кесек	Дұрыс дене	Формула арқылы	
5	Көне бұйым	Дұрыс емес дене	Су ығыстыру әдісі	

Қазынаға жету критерийлері:

- Барлық денелердің көлемін дұрыс есептеу.
- Құпия санды табу (барлық көлемдердің қосындысы).

Қосымша шарттар:

- Ең көп дәлдікпен есептеу арқылы қазынаны бірінші ашқан команда сыйлыққа ие болады!

ЕББҚ тапсырмасы.

есептеп, кестеге жазады. Барлық көлемдерді қосып, құпия санды дұрыс анықтайды. Топтық жұмыс және уақтылы орындау:


Тапсырманы топ ішінде тиімді бөледі және топтық жұмыста белсенділік танытады. Тапсырманы уақтылы және дұрыс орындайды. Құпия санды енгізу және нәтижеге жету:

Құпия санды дұрыс есептеп, сандықты ашу арқылы нәтижеге жетеді 6 балл

ҚБ: Әр бір тапсырманы дұрыс әрі тез орындаған топқа 1 мл су

Дискриптор:

Дұрыс және дұрыс емес денелердің негізгі ерекшеліктерін анық түсіндіреді. Мысалдар келтіре отырып, екі дене түрін нақты ажырата біледі. Текшенің көлемін, Цилиндрдің көлемін дұрыс


	Бекіту тапсырмасы «Мен білетін сұрақ» әдісі мұғалім 3 сұрақ оқиды оқушы соның біреуін таңдап жауап береді. Сұрақтар: 1. Дұрыс және дұрыс емес денелердің айырмашылығы қандай? 2. Текшенің көлемін қалай есептеуге болады? 3. Цилиндрдің көлемін есептеу формуласы қандай? 4. Су ығыстыру әдісі деген не? Бұл әдісті қай кезде қолданамыз? 5. Дұрыс емес дененің көлемін су ығыстыру әдісімен анықтау үшін не істеу керек? 6. Егер сізде дұрыс емес пішінді ағаш кесегі бар болса, оның көлемін қалай анықтайсыз? 7. Егер су ығыстыру әдісін қолдана алмасаңыз, дұрыс емес дененің көлемін басқа қандай жолмен анықтауға болады?		формула арқылы анықтайды. Су ығыстыру әдісінің мәнін дұрыс түсіндіреді. Барлық сұрақтарға толық және дұрыс жауап береді. 2 балл ҚБ: Мен күткен жауап ,Сен ғажапсың!	
Сабақтың соңы 7 минут Рефлексия Үйге тапсырма	Кері байланыс «Мензурка»  <i>Есептер шығару жаттығу есептері</i>		Өзін –өзі бағалау.  Стикер	

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:		
Бөлім:	Тығыздық	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Тығыздықты есептеу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.14 – сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау.7.2.2.15 – Тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану	
Сабақтың мақсаты	• Тығыздық анықтамасын, өлшем бірлігін, формуласын біледі • Тығыздық формуласына есептер шығару.	
Құндылықтарға баулу	✓ Бірлік және ынтымақ –командамен топтық тапсырмаларды орындап, басқалармен біолескен жұмыстың нәтижесін қорғай алады;	

	✓ Жасампаздық және жаңашылдық-қарапайым өлшеулер жүргізу, практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алады; ✓ Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету ✓ Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау
--	--

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін» «Бірлік және ынтымақ» құндылығы Сәлеметсіздерме балалар!  Суретте не бейнеленген Сұйықтықтар деген оқушылар топ . Қатты заттар деген оқушылар бір топ бірігеді. Біз бүгін Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі Жаттығу есептерін дәптер алмасу әдісі бойынша тексеріп екі сұраққа бір жауап әдісі бойынша сұрақ жауап аламын ЕББҚ тапсырмасы. «Екі сұрақ ,бір жауап» әдісі Маса дегеніміз не? Массаның өлшем бірлігі ? Оқушының жауабы $m=50\text{кг}$ Жаңа сабақ 		Дескриптор: Масса бірліктерін килограмға айналдыра алады; Массаның белгіленуі мен өлшем бірлігін айта алады; 1 балл	Оқулық, жұмыс дәптері
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақ  		Дескриптор: Есептің шартын түзеді; ХБЖға айналдыра алады;	Оқулық, жұмыс дәптері Парақша

ЕББҚ тапсырмасы. «Жалғасын тап...»
 Мақсаты: Тығыздықтың анықтамасын, формуласын, шамалардың өлшем бірліктерін анықтау.

1. Заттың тығыздығы дегеніміз –
2. Заттың тығыздығы мына формуламен анықталады: $\rho =$ _____
3. Мына шамалардың өлшем бірліктерін жаз:
 $[m] =$ _____ $[V] =$ _____ $[\rho] =$ _____

ЕББҚ тапсырмасы. «Бос торкөзді толтыр»
 Тапсырманы орындау

1-жаттығу

Массасы 5,3 г, көлемі 5 см³ болатын пластик кесектің тығыздығын есептеңіз. Қандай ағаштың тығыздығы осыған сәйкес келеді?

$$\rho = \frac{m}{V}$$

$m = 5,3 \text{ г} = 5,3 \cdot 0,001 \text{ кг} =$ _____ кг

$1 \text{ см} =$ _____ м , сондықтан

$1 \text{ см}^3 =$ _____ м^3

$V = 5 \cdot 1 \text{ см}^3 = 5 \cdot$ _____ $\text{м}^3 =$ _____ м^3

$\rho = \frac{\text{_____ кг}}{\text{_____ м}^3} = \frac{\text{_____ кг}}{\text{_____ м}^3}$

Тығыздығы сәйкес келетін ағаш түрі - _____.

«Денгейлік тапсырма»

- A1.** Көлемі 1л өсімдік майының массасы 920г. Майдың тығыздығын тап.
- B 2.** Егер шойынның тығыздығы $7 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$ болса, онда көлемі 2м³ ойын кесегінің массасын анықтаңыз.
- C3.** Көлемдері бірдей алюминий және мыс екі білеуше бар. Егер мыстың массасы алюминийдің массасынан 1,24 кг артық болса, бұл білеушелердің массалары қандай болады? $\rho_A = 2,7 \text{ г/см}^3$, $\rho_M = 8,9 \text{ г/см}^3$.

«Анықтамалық кесте»

№	Негізгі ұғымдар	Формула сы	Өлшем бірлігі
1	Заттың тығыздығы		
2	Дененің массасы		
3	Көлем		

ЕББҚ тапсырмасы.


Оқушылар _____ тауықтың жұмыртқасымен келесі тәжірибелерді жасап, қорытынды жазды.

Тығыздықтың формуласын қолданып, белгісіз шама үшін формуланы түрлендіре алады; Есептің жауабын табады; 4 балл

Дескриптор:

Тығыздықтың және массаның, көлемнің формулаларын түрлендіре алады; 2. балл

Bilimland.k
Z

	Тауықтың шикі жұмыртқасын суы бар жарты литрлік шыны ыдысқа салды. Жұмыртқа шыны ыдыстың түбіне түсті. Жұмыртқаны алып шығып, сол суға 2 ас қасық тұз салып жақсылап араластырды және жұмыртқаны тұз араласқан суға қайтадан салды. Жұмыртқа батпайды, судың бетінде қалықтап жүреді. Неліктен? 			
	Жеке тапсырма ЕББҚ тапсырмасы. Фото сұрақ тапсырмасы ✓ Суреттегі заттарды мұқият қараңыз ✓ Әр заттың тығыздығын бағалаңыз. ✓ Заттарды тығыздығы бойынша реттеп жазыңыз  ЕББҚ тапсырмасы. Жеке жұмыс Тапсырма. Аяқталмаған сөйлем Тығыздық формуласы..... Тығыздық бірліктері..... Заттардың салыстырмалы тығыздығы..... Қатты заттар тығыздығы..... Сұйықтардың заттар тығыздығы.....	Сабақты қаншалықты түсінгенін смайликтер арқылы жіберу	Дескриптор: Фотодағы денелердің тығыздығын салыстыра алады; 1 балл Дескриптор: Тығыздықтың анықтамасын жаза алады; Тығыздықты тұжырымдап, формулаларын түрлендіріп жаза алады; Өртүрлі сұйықтар мен қатты денелердің тығыздықтары н сипаттап жаза алады;.	
Сабақтың соңы Рефлексия	Кері байланыс: Үйге тапсырма тақырыпты оқу . Кері байланыс «Жүрекше !»  Үйге тапсырма Жаттығу есептерін шығару.		Стикер	

Қысқа мерзімді жоспар


Білім беру ұйымының атауы:	
Бөлім:	Денелердің өзара әрекеттесуі
Педагогтің аты-жөні	
Күні:	

Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Инерция құбылысы.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.1 Инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру.	
Сабақтың мақсаты	• <i>Инерция заңы туралы түсінік алады;</i> • <i>Инерция құбылысын күнделікті өмірмен байланыстырып мысалар келтіре алады;</i> • <i>Инерцияның пайдасы мен зиянын біліп, қауіпсіздік ережелерін құрастыра алады;</i>	
Құндылықтарға баулу	• Талап құндылығы: Сын және креативті ойлайды, білуге жаңаны тануға құштар болады, жеке және командамен жұмыс істей біледі. • Бірлік және ынтымақ құндылығы: командада жұмыс істей біледі, басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижеін қорғай біледі	


Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Сәлемдесу. 2. Ұйымдастыру. Үй тапсырмасы: «Тест тапсырмасы wordwall.net» әдісі арқылы үй тапсырмасын алады  Проблемалық сұрақ: Неліктен автобуста кенеттен тоқтағанда біз алға қарай қозғаламыз? Топқа бөлу «Асық» әдісі бойынша  Топ «Инерция» Топ «Масса» Топ «Жылдамдық»	Оқушылар оқу құралдарын түгендеп, сабаққа назарын аударады. Видеоға қарап не құбылыс болып жатқаны жайында ой қозғайды. Сабақтың тақырыбын айқындайды. 1 тапсырманы орындайды	Дескриптор: Механикалық қозғалыс тарауына берілген тест тапсырмасын дұрыс жауап береді 1 балл	Презентация https://wordwall.net/resource/61898199
Сабақтың ортасы	Мағынаны тану (оқушылар жаңа ақпаратты алғанда, жаңа идеялар ойға келгенде жүзеге асады. Ең маңыздысы жаңа тақырып бойынша жаңа ақпарат алу) Мұғалім сабақтың мақсатымен таныстырады: Сабақтың мақсаты: ✓ <i>Инерция заңы туралы түсінік алады;</i> ✓ <i>Инерция құбылысын күнделікті өмірмен байланыстырып мысалар келтіре алады;</i> ✓ <i>Инерцияның пайдасы мен зиянын біліп, қауіпсіздік ережелерін құрастыра алады;</i>	Видеоға қарап не құбылыс болып жатқаны жайында ой қозғайды. Оқу мақсатын айқындайды.	Дескриптор: CatCPT Жасанды интелект көмегімен тәжірибелік тапсырма құрастырып, жасап көреді CatGPTге мынадай команда	Оқулық, жұмыс дәптері


	Денеге басқа денелер әрекет етпеген кезде қалыптасқан жылдамдығын сақтау құбылысы инерция деп аталады. Латынша inertia (инерция)-қозғалыста емес, әрекетсіздік деген мағына береді. Дененің инерттілігі оның бойындағы заттың мөлшеріне тура пропорционал. Инерция мен инерттілік ұғымдары денелердің массасы және тығыздығына тікелей байланысты h. Білегі күшті бірді жығады,білімі күшті мыңды жығады». «Көптің күші – бірлікте». Мысалы, қолдың допқа, желдің қайық желкеніне, магниттің темірге, судың жүзгішке әрекет туралы айтуға болады. Инерция құбылысы тақырыбында бейнематериал көрсету. Оқушылар бейнесабакты зейін қойып тыңдап, қарайды 1.Топтық тапсырма <i>Тәжірибиелік тапсырма</i> <i>CatCPT Жасанды интелект көмегімен тәжірибиелік тапсырма орындайды.</i> <i>CatGPT ге мынадай команда береді : Инерция құбылысына арналған тәжірибиелер құрап берші деп команда береді.</i> <i>CatGPT</i> Инерция құбылысын түсіндіру үшін қарапайым және көрнекі эксперименттер жасауға болады. Міне, инерцияны түсіндіретін бірнеше тәжірибе: 1. Стакан, қағаз, және тиын тәжірибесі: Құралдар: Стакан, қағаз парағы (немесе картон), тиын. • Стаканның үстіне қағазды жайып қойыңыз да, оның үстіне тиынды орналастырыңыз. • Қағазды тез тартып қалсаңыз, тиын стаканның ішіне түседі. • Бұл жерде қағаздың жылдам тартылуы инерцияның әсерінен тиынның орнында қалуын, ал гравитацияның оны стаканға түсіруін көрсетеді. 2. Үстелдегі ауыр зат пен мата тәжірибесі: Құралдар: Үстел, ауыр зат (мысалы, кітап), мата немесе дастархан. • Матаны үстелге жайып, үстіне ауыр затты қойыңыз. • Матаны жылдам әрі тегіс тартыңыз. • Егер мата жылдам қозғалып, үйкеліс аз болса, зат орнында қалады. Бұл инерцияның әсері — зат бастапқы тыныштық күйінде қалуға тырысады.		<i>береді : Инерция құбылысына арналған тәжірибиелер құрап берші деп команда бере алады; Тәжірибиені жасап инерция құбылысын түсіндіре алады;</i> 3 балл	слайд Оқулық, жұмыс дәптері
--	---	--	--	---



3. Жүк машинасы мен шарик: Құралдар: Ойыншық жүк машинасы, шарик (немесе доп). - Ойыншық машинаның үстіне шарикті қойыңыз да, машинаны қозғалтыңыз. - Машина тоқтаған кезде шарик машинадан алға қарай домалап кетеді. - Бұл инерцияның әсерін көрсетеді: шарик қозғалысын жалғастыруға тырысады, себебі оған әсер ететін күш болмағандықтан, ол қозғалған күйінде қалғысы келеді.  Тапсырма: Мәтінде берілген тәжірибені жасау арқылы инерция құбылысын тұжырымдайды . Қорытынды жаса: Менбайқадым ЕББҚ тапсырмасы. 2. «Инерция, пайдасы мен зияны» кестемен жеке жұмыс <table><tr><th>Мысалдар</th><th>Пайдасы</th><th>Зияны</th></tr><tr><td>Таулы жолдарда машиналар жанармай үнемдейді.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Спортшылар жүгіріп келе жатып секіруді жалғастырады</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Үйкеліс аз болса, шана ұзақ сырғанайды</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Машинамен кенет тоқтағанда қауіпсіздік белдіктері жолаушыларды ұстап қалады</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Кенет бұрылыста велосипедші тепе-теңдігін жоғалтады</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Велосипедшілер аяқтарымен педальды баса бермейді. Оқтын-оқтын аяқтарын демалтады бірақ велосипед тоқтамайды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қатты тежеу кезінде заттар көліктің алдыңғы жағына ұмтылады</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Балға саптағанда балғаны үстелге ұрғанда балға инерция әсерінен сапқа енеді.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Дене спорттық жарыста жылдам қозғалысын</td><td></td><td></td></tr></table>	Мысалдар	Пайдасы	Зияны	Таулы жолдарда машиналар жанармай үнемдейді.			Спортшылар жүгіріп келе жатып секіруді жалғастырады			Үйкеліс аз болса, шана ұзақ сырғанайды			Машинамен кенет тоқтағанда қауіпсіздік белдіктері жолаушыларды ұстап қалады			Кенет бұрылыста велосипедші тепе-теңдігін жоғалтады			Велосипедшілер аяқтарымен педальды баса бермейді. Оқтын-оқтын аяқтарын демалтады бірақ велосипед тоқтамайды.			Қатты тежеу кезінде заттар көліктің алдыңғы жағына ұмтылады			Балға саптағанда балғаны үстелге ұрғанда балға инерция әсерінен сапқа енеді.			Дене спорттық жарыста жылдам қозғалысын			2-тапсырма Оқушылар кесте жазады. Оқушылар кестедегі тапсырманы орындай	Дескриптор: <i>Инерция құбылысын пайдасы мен зиянын күнделікті өмірмен байланыстырып дұрыс жауап бере алады;</i> 2 балл Дескриптор : <i>Галелео Галилейдің қойған сұрақтарын а дұрыс жауап бере алады; Инерция құбылысын күнделікті өмірмен байланыстырып қойылған мысал сұрақтарға</i>	Bilimlend сайты
Мысалдар	Пайдасы	Зияны																															
Таулы жолдарда машиналар жанармай үнемдейді.																																	
Спортшылар жүгіріп келе жатып секіруді жалғастырады																																	
Үйкеліс аз болса, шана ұзақ сырғанайды																																	
Машинамен кенет тоқтағанда қауіпсіздік белдіктері жолаушыларды ұстап қалады																																	
Кенет бұрылыста велосипедші тепе-теңдігін жоғалтады																																	
Велосипедшілер аяқтарымен педальды баса бермейді. Оқтын-оқтын аяқтарын демалтады бірақ велосипед тоқтамайды.																																	
Қатты тежеу кезінде заттар көліктің алдыңғы жағына ұмтылады																																	
Балға саптағанда балғаны үстелге ұрғанда балға инерция әсерінен сапқа енеді.																																	
Дене спорттық жарыста жылдам қозғалысын																																	

	<i>тоқтатпай инерциямен алға ұмтылады</i> Егер инерция болмаса барлық планеталар орбитасынан шығып кетер еді. Ай Жерге, Жер Күнге құлайды. 3. «Ғалымнан сұрақ , Шәкәрттен жауап» тәсілі арқылы Видеотапсырма беріледі. Жеке тапсырма  Видеосұрақтар: 1. Көлікте отырып, кенет тежегіш басылған кезде неге сіз алға қарай ұмтыласыз? - Жауап: Сіздің денеңіз қозғалыс күйінде болғандықтан, инерция әсерінен ол сол бағытта қозғалуды жалғастыруға тырысады. 2. Велосипедпен жылдамдық алып келе жатқанда, алдыңғы дөңгелекті кенеттен тоқтатсаңыз неге құлап қалуыңыз мүмкін? - Жауап: Сіздің денеңіз қозғалыста болғандықтан, велосипед тоқтаған кезде инерцияның әсерінен дене сол бағытта қозғалуды жалғастырады, бұл құлауға әкелуі мүмкін. 3. Ауыр жүк көліктері неге кенет тоқтай алмайды және тоқтағаннан кейін де біршама қашықтыққа дейін жылжып кетеді? - Жауап: Ауыр жүк көліктерінің массасы үлкен болғандықтан, олардың инерциясы да үлкен болады. Сондықтан оларды тоқтату үшін көп уақыт пен қашықтық қажет. 4. Балалар шана теуіп жатқанда, төбеден төмен түскен соң шана өздігінен тоқтай алмай, инерциямен жылжуын жалғастырады. Бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? - Жауап: Шана қозғалысқа түскенде, оның инерциясы оны алға қарай жылжытады. Үйкеліс аз болса, шана ұзақ уақыт қозғалысын жалғастырады. 5. Әуеде ұшып келе жатқан доп неге ауада ұзақ уақыт қалықтамай, біртіндеп тоқтап, жерге түседі? - Жауап: Доптың қозғалысы инерциямен жалғасады, бірақ ауа кедергісі мен ауырлық күші допты біртіндеп тоқтатады және жерге түсіреді. 6. Автобус кенет қозғала бастағанда жолаушылардың артқа қарай еңкеюі неліктен болады?	Оқушылар топпен бірге	жаңа алған білімін пайдаланып дұрыс жауап бере алады; 2 Балл Дескриптор Инерцияның пайдасы мен зиянын біліп, қауіпсіздік ережелерін құрастыра алады; 2 балл	
--	--	------------------------------	---	--

• Жауап: Жолаушылар бастапқыда тыныштық күйінде болғандықтан, инерция әсерінен сол күйді сақтауға тырысады, ал автобус қозғалған кезде артқа қарай еңкею байқалады. 7. Қолындағы кітапты үстелге қойған кезде ол неге өздігінен қозғалмайды? • Жауап: Кітап бастапқы тыныштық күйінде болғандықтан, оған ешқандай сыртқы күш әсер етпейінше, ол сол күйде қала береді — бұл инерцияның әсері. 8. Жерді айналып тұрған жасанды спутник неліктен ғарышта қозғалуды тоқтатпайды? • Жауап: Ғарышта ауа кедергісі болмағандықтан, спутник инерция әсерінен қозғалысын тоқтатпай, өзінің траекториясымен жүруін жалғастырады. 9. Автокөлік шұғыл бұрылысты жасағанда, жолаушылар неге бүйірге қарай қисаяды? • Жауап: Жолаушылардың денесі түзу сызықта қозғалуын жалғастыруға тырысады (инерцияның әсері), бірақ көлік бұрылып жатқандықтан, оларды бұрылыстың қарама-қарсы жағына итермелейді. 10. Неге спортшылар жүгіріп келе жатып тоқтаған кезде де біршама қашықтыққа дейін жүгіре береді? • Жауап: Спортшылардың денесі қозғалыс күйінде болғандықтан, инерция олардың қозғалысты жалғастыруына әсер етеді. Олар бірден тоқтай алмайды, себебі инерцияның әсерінен алға қарай жүгіру жалғасады. Бұл сұрақтар оқушыларға инерция құбылысын өмірдегі нақты мысалдармен жақсырақ түсінуге көмектеседі. ЕББҚ тапсырмасы. 4. «Инерция және қауіпсіздік» топтық тапсырма Оқушылар инерция құбылысына қауіпсіздік ережелерін жазады.  Жылдамдықты асырмау!  Көлікке мінгенде қауіпсіздік белдігін тағу!  Велосипдті тоқтатар алдында педальдан аяқты алу,жылдамдық бәсеңдеген соң тежегішті басу! Осындай ережелер құрастырып топтар ұсынады. <td>инерциядан қорғану тақырыбын а қауіпсіздік ережелерін жазып шығады .</td> <td></td> <td></td>	инерциядан қорғану тақырыбын а қауіпсіздік ережелерін жазып шығады .		
--	--	--	--

Сабақтың соңы Рефлексия	Кері байланыс «Керуен әдісі» <i>Барлығын түсіндім</i> Рефлексия <i>Енді түсініп келемін</i> <i>Түсінбедім</i>  Формативті бағалау 10 балл	Асықтарға ойларын стикерге жазып, кері байланыс плакатына іледі.	Стикер Плакат 	
Бағалау Үйге тапсырмасы	 «Инерция және ғарыш» тақырыбында зерттеу жасау. Инерция және ғарыш  Ғарыш кемесіндегі инерция Ғарыш кемесінің қозғалысы инерция заңына негізделген. Ғарыш кемесі қозғалыс бағытын өзгерту үшін күш қолдануды қажет етеді. Инерциялық есептеулер Ғарышкерлердің қозғалысын есептеу кезінде инерциялық есептеулер қолданылады. Гравитациялық әсер Ғарыш денелерінің қозғалысына инерциямен қатар гравитациялық күш әсер етеді.			

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:	
Бөлімі:	
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Күш
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.2.2.2 – күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру

Сабақтың мақсаты:	⇒ Күш ұғымын түсінеді; Күш ұғымына мысалдар келтіре алады, күштің белгіленуін, өлшем бірлігін біледі. ⇒ Күш әсерлерінің әр түрлі факторларға тәуелділігін талдай алады.(бағытына, қандай нүктеге түсірілетіндігіне, жылдамдықтың өзгеруіне)
Құндылықтарға баулу	✓ Бірлік және ынтымақ –командамен топтық тапсырмаларды орындап ,басқалармен біолескен жұмыстың нәтижесін қорғай алады; ✓ Жасампаздық және жаңашылдық-қарапайым өлшеулер жүргізу,практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алады;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын бақылау. «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап,сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін» <u>«Бірлік және ынтымақ» құндылығы</u>	Оқушыларды Қол күрес арқылы екі топқа бөлінеді.	Дескриптор Инерция, пайдасы мен зиянын айту. Ғарыштағы инерция құбылысы туралы айтып бере алады; -Жалпы балл-1	Кағаздан жасалған билеттер
5 мин. «Жариялау» әдісі	Топқа бөлу : «Қол күрес» топқа бөлінеді. 1-топ: «Теоретиктер» тобы 2-топ: «Практиктер тобы» Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Жариялау» әдісі арқылы үй тапсырмасы бойынша Инерция, пайдасы мен зиянын айту. Жаңа сабақ 	Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялайды.		Оқулық мәтін Постер Маркер
Сабақтың ортасы. 15мин	Топтық тапсырма «Жаңа сабақ» I топтың тапсырмасы: 1. Күш дегеніміз не? 2. Күш қандай шама? 3. Күштің өлшем бірлігі? II топтың тапсырмасы: 1. Күштің белгіленуі? 2. Күш бірлігі кімнің құрметіне аталған? 3. Күшті өлшейтін құрал?	Оқушылар жаңа сабақты топпен бірге қорғайды	Дескриптор Күш ұғымына мысалдар келтіре алады, күштің белгіленуін, өлшем	Оқулық Дәптер Мензурка, су, көлемдері әртүрлі

ЕББҚ тапсырмасы. «Күнделікті өмірде кездесетін күштер»

4. **Күнделікті заттарды бақылау**
Оқушыларға үйде немесе мектепте күнделікті кездесетін заттарды қарастырып, олардың әрқайсысында әрекет ететін күштерді сипаттау ұсынылады.
5. **Күштердің түрлерін анықтау**
Әр затқа байланысты анықтаған күшті қандай түрге жататынын анықтаңыздар: ауырлық күші, серпімділік күші, үйкеліс күші немесе тіректің реакция күші.
6. **Кесте толтыру**
Заттар мен олардың күштері туралы төмендегі кестені толтырыңыз.

Заттың атау	Әрекет ететін күштің түрі	Қысқаша сипаттама
Қарындаш 		
Үстел үстіндегі Кітап 		
Сөмкенді көтергенде 		

Қорытынды жасау

- a. Әр түрлі заттарға әрекет ететін күштердің айырмашылықтарын салыстырып, қорытынды жазыңыз.
- b. Қандай күш күнделікті өмірде жиірек кездесетінін анықтаңыз.

Жұптық тапсырма

1. Күшті килоНьютонмен өрнекте:
 - a. 12500Н, 500Н, 10Н, 0,5Н
 - b. 2,5МН, 12мН, 340мН.

Оқушылар кестені толтырады.

бірлігін біледі.
Топ оқушылары ақылдаса отырып, жауап береді
Слайдтар арқылы қорғайды;
Әр топтың жауабын қалған топтың оқушылары «Бас бармақ» әдісімен бағалап отырады
Жалпы балл-3

Дескриптор

Оқушы 3-тен кем емес күнделікті затты дұрыс анықтай алады;
Әр затқа сәйкес күштің түрін дұрыс анықтай алады;
Әр затқа әрекет ететін күшті қысқаша және түсінікті түрде сипай алады;
Қандай күш жиірек кездесетінін көрсетіп, логикалық қорытынды жасай алады;


2 балл

цилиндрлер

2. Ньютонмен өрнекте: 0,5 мН, 50 кН, 10 МН-ды өрнектеп, стандарт түрде жазыңдар.

ЕББҚ тапсырмасы. Жеке тапсырма

Денеге әрекет ететін 3 Н және 4 Н екі күштің бағытын неше тәсілмен көрсетуге болады?



1 см-ді 20 Н-ға тең деп алып, солға қарай 100 Н күшті масштабқа сал.

F→						
----	--	--	--	--	--	--


Пиза тапсырмасы

1*Еркін түсу

Пиза қаласындағы биік көлбеу мұнараның құрылысы 1173 ж. басталған болатын. Осы ғимарат сол қисайыңқыраған кезде, 1360 ж.

салынып бітті. Әрине, бұл ғимарат өзінің осы ерекшелігімен қоса, Галилей ашқан заңның арқасында Пиза қаласының даңқын бүкіл өлемге ғасырдан-ғасырға паш етіп келеді. Сөйтіп, ол мұнара төңірегіне жиналған пизандықтарды таңғалдырды.

Мұндай тәжірибелерді Галилей пішіндері мен өлшемдері әртүрлі денелермен, олардың түрлі орталардағы түсуін бақылай отырып, сан мәрте қайталады. Міне, осылайша өз тұжырымдарының дұрыстығына тәжірибе арқылы кез жеткізе отырып, Галилей ауасыз кеңістікте барлық денелер бірдей уақытта түседі деп ұйғарды. Галилей ашқан бұл заңның маңызы өте зор болды.



Сұрақ 1: Тәжірибе жасалған көлбеу Пизан мұнарасының биіктігі қаншаға тең?

A) 60 м B) 58 м C) 57 м D) 52 м


Сұрақ 2: Еркін түсу

Галилей өз ұйғарымын денелерді ауасыз кеңістікте түсіріп тексере алмады. Өйткені Галилей өмір сүрген XVII ғасырда ауа соратын арнайы құралдар, сорғылар әлі жоқ еді. Ол жүргізген тәжірибе Галилей гипотезасының дұрыс екенін дәлелдеді.

Оны тек 80 жыл өткеннен соң жүзеге асырған ғалым.

A) Ньютон B) Торричели C) Архимед D) Кеплер

Сұрақ 3: Еркін түсу



түседі.

Алайда күнделікті бақылау денелердің қалыпты жағдайда түрліше құлайтынын көрсетеді. Мәселен, ауыр шар тез құлап түседі, ал жұқа қағаз парағы біртіндеп, күрделі траектория бойымен қалықтап

Дескриптор

∴
Өлшембірліктерді Ньютон және килоНьютонға түрлендіре алады;
2 балл

Дескриптор

∴
Күштің векторлық түрде бағытын көрсете алады;
Күшті масштабқа салып есептеп сала алады;

	Құлайтын денелердің жылдамдығы мен үдеуі, қалыпты жағдайда қандай шамаларға тәуелді? Дененің ауырлығына Өлшемдер мен пішініне Тығыздығына Иә немесе жоқ Иә/жоқ Иә/жоқ Иә/жоқ		1 балл	
	Сұрақ 4: Еркін түсу Неғұрлым дәл есептеулер еркін түсу үдеуінің сандық мәні Жер шарының әртүрлі нүктесінде аздап өзгеше болатынын көрсетеді. Мысалы жергілікті жердегі ендікке байланысты ол қалай өзгереді?			
Сабақтың соңы. 10 мин Жеке жұмыс. Практикалық тапсырма	ЕББҚ тапсырмасы. Жеке тапсырма Дәптерді Динамометмен өлшеп көріңіздер: _____  Рефлексия «Күш білімде - Білім кітапта» Бәрін білемін  Жақсы түсіндім  Көмек керек 	Оқушылар кестені толтырады.	Дескриптор : Динамометді қолдануды үйренеді; Дәптерді өлшеп, динамометрдің бөлік құны бойынша күшті таба алады; 1 балл 	Дк экран Дәптер
Бағалау	Әр тапсырманың бағалау критериилері бойынша 10 баллдық жүйемен бағалау			
Үй тапсырмасы	Үйге тапсырма: Тақырыпты оқу, күш түрлеріне мысалдар келтіру		Жалпы тапсырмалар бойынша 10 балл	Стикерлер

Қысқа мерзімді жоспар

Білім беру ұйымының атауы:		
Бөлім:	Денелердің өзара әрекеттесуі	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.10– масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату.	
Сабақтың мақсаты	✓ Масса, салмақ, ауырлық күші туралы айта алады. ✓ Салмақ пен массаның айырмашылығын ажыратады. ✓ Ауырлық күшіне өмірден мысал келтіреді.	

